

Жуырда Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жаңа дәуірдегі қазақстандықтарға бағыт беретін «Елдіктің жеті тұғыры» атты қағидаттар жиынтығын ұсынған болатын.

«ЕЛДІКТІҢ ЖЕТІ ТҰҒЫРЫ» – ЖАС ҰРПАҚҚА ЖҮКТЕЛГЕН МІНДЕТ

Олар: Тәуелсіздік – кез келген азамат үшін ең қастерлі құндылық, Бірлік пен келісім – елдігіміздің мызғымас тұғыры, Жер – ата-баба мұрасы, халық қазынасы, Отбасы мен салт-дәстүр – қоғамның алтын діңгегі, Ұлттық мәдениет – халықтың рухани тірегі, Білім мен еңбек – бақуатты өмірдің кілті, Прагматизм – бәсекеге қабілетті болудың кепілі.

Елбасының алтыншы қағидаты «Білім мен еңбек – бақуатты өмірдің кілті» деп аталады.

«Елімізде талантты әрі дарынды, алғыр да өжет жастар жетерлік. Әлемнің алпауыт компанияларында жұмыс істейтін, халықаралық деңгейде ғылыми жаңалық ашқан, түрлі салада еңбегімен танылып жүрген жалынды жастарды көргенде ерекше қуанамын. Бұл – біздің үмітіміздің ақталғаны. Мен жалпыға ортақ еңбек қоғамын құру туралы идеяда оның бес принципін – эволюциялық даму, ортақ жауапкершілік, өзара серіктестік, ынталандыру мен кәсібилікке ұмтылуды атап көрсеттім. Онсыз кез келген қоғам көштің соңында қалуы мүмкін. Ендеше табыстың кілті үздіксіз білім алу мен тынымсыз еңбек етуде. Адал еңбек қана адамды мұратына жеткізеді. Осыны жастар-

дың санасына сіңіру қажет» деп түйіндейді Елбасы.

Иә, бұл қағидаттар халқымыз үшін, әсіресе жас ұрпақ үшін маңызы зор. Осы құндылықтарды бойына сіңіру арқылы әрбір жас жетістікке жетуге, қоғамға пайдалы адам болуға, өмірлік ұстанымдарын қалыптастыруға ұмтылуы тиіс. Енді алдымызда аталған қағидаттан туындайтын аса үлкен міндеттер тұр.

Бірлік пен татулықты сақтап, тарихымызды қастерлеп, жерімізді қорғап, отбасылық құндылықтарды ұстанып, рухани жаһандануды арттырып, білімді тереңдетіп, бәсекеге қабілеттілікті өркендету-жастарға жүктелген үлкен жауапкершілік. Тәуелсіз мемлекеттің тұғырлы болуы болашақ жас ұрпаққа байланысты. Елбасы ұсынған қағидаттар жастардың өз тарапынан белсенділігі мен қабілеттілігін көрсете білуге мүмкіндік беретін үлкен бастама. Жастар ел дамуына атсалысса «Елдіктің жеті тұғыры» қағидаттары толығымен орындалары сөзсіз.

А. ЕШМҰРАТОВА,

Д. ТӨЛЕШОВА,

М. Әуезов атындағы ОҚУ

Филология факультеті

Гуманитарлық

мамандықтар үшін

шет тілі кафедрасының

оқытушылары